ZAN RESPÝBLIKASY
EKONOMIKA MINISTRLIGI
AGI MONOPOLIALARDY
RETTEÝ KOMITETINIŃ
ULYTAY OBLYSY BOIYNSHA
DEPARTAMENTI

RESPÝBLIKALYQ
MEMLEKETTIK MEKEMESI

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ

ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА
ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ
МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО ОБЛАСТИ ҰЛЫТАУ

BUIRYQ

2024 жыл 20 қыркүйек

Zhezqazgan qalasy

ПРИКАЗ

№ 56 - НҚ

город Жезказган

«Ұлытау-Тасбұлақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу қызметіне тариф және тарифтік сметасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 20-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 5-тарауы 3-параграфының 313-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ұлытау-Тасбұлақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне **2024 жылғы 01 қазанынан** қолданысқа еңгізе отырып жылу энергиясын өндіру, беру, және бөлу қызметіне **1 Гкал үшін 8 346,45 теңге ҚҚС-сыз** мөлшерінде тариф №1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөліміне осы бұйрықты «Ұлытау-Тасбұлақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

3. «Ұлытау-Тасбұлақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бекітілген тариф жөніндегі мәліметті заңмен белгіленген мерзімде тұтынушылар назарына жеткізсін.

4. «Ұлытау-Тасбұлақ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі заңмен белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаментіне бекітілген тарифтердің тұтынушыларға хабарландырылғаны туралы ақпаратты жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ұлытау облысы бойынша Департаментінің табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөліміне (З.Есмуратова) жүктелсін.

000329

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және **2025 жылдың 30 қыркүйегіне дейін** қолданыста болады.

Басшы **Д. Жүнісбеков**